

2023-2024 оқу жылына арналған №77 орта мектебіндегі біртұтас тәрбие жұмысының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйек №294 бұйрығымен бекітілген тәрбие тұжырымдамасы негізінде құрылды.

Біртұтас тәрбиесінің бағдарламасы – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.

Біртұтас тәрбие жұмысының мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу

Кіріспе:

Біртұтас тәрбие жұмысының өзекті мәселесі;

Біртұтас тәрбие жұмысының мақсаты;

Біртұтас тәрбие жұмысының міндеттері;

Мектеп мінездемесі;

Біртұтас тәрбие жұмысының құндылығы;

Біртұтас тәрбие жұмысының бағыттары бойынша атқарылған жұмыстар;

Сынып жетекшілердің әдістемелік жұмысы;

Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру жұмысы;

Үйірме жұмыстарының қорытындысы;

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы;

Құқықбұзушылықтың алдын – алу жұмыстары;

Жазғы демалыс мектеп алаңын ұйымдастыру жұмыстары:

Кіріспе: Біртұтас тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері үш құндылыққа негізделіп жасалған. Оның ішінде жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адам өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизм, еңбексүйгіштік, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді. Осыған байланысты 2023-2024 оқу жылында №77 орта мектебі төмендегідей мақсат – міндеттерді алға қояды:

Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі: Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу. Бүгінгі жасөспірімдер мен балаларды тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу
Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ, және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жаксылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін дамыту.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Мектеп мінездемесі

2023 – 2024 оқу жылында 7- сынып комплектісімен аяқтады. Мектеп контингентінде 60 оқушы білім алды. 7-сынып жетекшісі бар. Мектеп психологы - 1, әлеуметтік педагог -1, тәлімгер -1, кітапханашы - 1, медбике - 1.

Біртұтас тәрбиенің ұлттық құндылықтары:

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;

Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;

Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

Ұлттық мәдениетті дәріптеу.

Ар-ұят құндылығы:

Академиялық адалдық қағидатын қолдау;

Адал еңбекті құрметтеу;

Сөзіне берік, ісіне адал болу;

Халқына адал қызмет ету;

Әдеп нормаларын ұстану.

Талап құндылығы:

Сыни мен креативті ойлау;

Білуге, жаңаны тануға құштар болу;

Салауатты өмір салтын ұстану;

Дұрыс-қарым-қатынас орната білу;

Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Іс – шаралар жоспарға сәйкес жүргізілді. Оқу жылының басталуына орай «Білім күні» мерекесіне байланысты салтанатты жиыны өтті. Сонымен қатар 1-9-сыныптар аралығында «Мектеп – мейірім мекені» атты сынып сағаттары өткізілді. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттағы тәрбие бағыты бойынша өзгерістерге сәйкес 1 қыркүйек – Білім күніне арналған «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттарын өткізді. Мақсаты, білім алушылардың бойында оқуға құштарлық пен білім алуға деген ұмтылысын қалыптастыру, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Сынып жетекшілер оқушыларға слайд, бейнероликтер көрсетіп, түсіндірді. Тақырыптың мазмұны бойынша оқушылар пікірлерімен ой бөлісті. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Сынып жетекшілері арнайы категориядағы отбасы балаларын анықтау, оқушылардың әлеуметтік - материалдық жағдайын зерттеу жұмыстарын жүргізді. Мектептің ішкі жағдайымен танысу, құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары ауылдық полиция қызметкерімен бірлескен жұмыс жоспары жасақталды. Құқық кеңесін құру барысында қыркүйек айында кезекшілік кестесі құрылды және «Балалар түнгі ауылда» рейдіне мектеп мұғалімдерімен бірлесе біршама жұмыс атқарылды. Рейд барысында түнгі мезгілде жүрген мектеп жасындағы оқушылар анықталмады.

1-4 сынып аралығында «Қазақстанның мемлекеттік рәміздері» тақырыбында тәрбие сағаттары және «Рәміздер тарихы туралы не білеміз?» атты сауалнамалар алынды. 8-9- сыныптар аралығында «Мен өз елімнің патриотымын» атты әскери патриоттық клуб мүшелігіне ант қабылдау салтанатты жиыны ұйымдастырылды.

Ұлттық мүдде құндылығы

Мақсаты: Тұлғаның жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

«Мектепке жол» акциясы аясында мектеп ұжымы тарапынан аз қамтылған, көпбалалы отбасында тәрбиеленетін оқушыларға мектеп киімдері, спорттық үлгідегі киімдер мен оқу – құралдарынан көмектер көрсетілді.

5 қыркүйек Тілдер мерекесіне «Тіл-ұлттың жаны» тақырыбында мерекелік кеш өткізілді. Оқушылар үш тұғырлы тілде мәнерлеп өлең оқып, өз өнерлерін көрсетті. 1 қазан Қарттар меркесіне тәлімгер А.Даулетова және жауапты жетекшілері мен Г.Назарова

«Қарттарым-асыл қазынам» тақырыбында мерекелік шара өткізді. Биылғы жылы 5 қазан Ұстаздар күні мерекесі болып бекітілді. Сол күнге «Ұстаздар аллеясы» ашылды. Ұзақ жыл ұстаз болып о дүниелік болған ұстаздардың ұрпақтары ескерткіш тақта орнатты. Мерекелік шара өтті. Бірінші күнінде Қыздар ұйымы жетекшілері А.Абуова, Б.Әуезов сынып оқушыларымен ұстаздарды таңертеңгілік құттықтаумен қарсы алды. Екінші күнінде 15 минуттік үзілісте барлық ұстаздарға жыр-шашуларын, тілектерін арнады. Үшінші күнінде «Қызғалдақ», «Замандас» ұйым мүшелері бірлесіп, «Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік» тақырыбында ұстаздар мерекесіне арнайы мерекелік кеш өткізді. Кешімізге арнайы ардагер ұстаздарымыз шақырылды. Ұйым мүшелері ұстаздарға құттықтау сөздерін арнады. Оқушыларымыз өз өнерлерімен жақсы қырынан танылды. Ардагер ұстаздар оқушыларымыздың өнерлеріне риза болып, жақсы лебіздерін білдіріп, батасын берді. Ардагер ұстаздарымызға арнайлап сыйлықтар табыс етілді. Садуақасова «Ұстазым менің ұстазым» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтілді. Оқушылар сабақты «Ұстазым» әнімен бастап, құттықтау сөздерін арнады. 25 қазан Республика күні мерекесіне орай тәлімгер «Ұланымын Ұлы елдің» салтанатты жиыны өтті. 2- сынып оқушылары Ұланға қабылданды.

2023-2024 оқу жылының басында діни экстремизм мен терроризмнің алдын – алу бойынша жылдық жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Жоспар негізінде 1-9- сыныптарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді, кітапхана қорындағы оқуға рұқсат етілмейтін діни - танымдық әдебиеттер тізімін анықтау мақсатында рейд, «Діни экстримизм – елге төнген қауіп» тақырыбында мектеп оқушылар кездесу ұйымдастырылып өткізілді. «Діни экстримизмнің алдын-алу» 5-9- сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел өткізілді. Мектеп психологы «Терроризм және экстремизм» тақырыбындағы бейнероликтер көрсетіп, оқушылардың ойын ортаға салды, сонымен қатар «Мен кімін, мен қайдамын?» атты тренинг және «Өз дініміз туралы не білеміз?» тақырыбында оқушылар арасында Ә.Латипова дебат өткізді. Ай сайын мектеп психологы дінге көзқарасын анықтау мақсатында 2 – 9- сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізіп отырды. «Діни экстремизм деген не, оны қалай түсінесіз?» тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылар діни кітаптар оқымайтыны, ешкімнің ықпалына ермей, өзіндік ұстанымы бар екені туралы жауап берді. Оқу жылы бойы тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес 1-9 сыныптарда әр түрлі тақырыптарда, түрлі әдіс – тәсілдермен сынып сағаттары өткізілді. Сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу бойынша арнайы жылдық жұмыс жоспары құрылып, жоспар бойынша іс – шаралар жүргізілді. «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» бірыңғай сабақ өткізілді. Оқушылардың сұрақтарына жауап берді. «Сыбайлас жемқорлық деген не?» шығарма жазу, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» ұжым мен ата – аналарға баяндама жүргізілді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Мектеп тәлімгері жасұландықтармен «Соқыр сенімге арбалғандар» бейнефильмін, психолог «Сыбайлас жемқорлықтың салдары» бейнероликтер көрсетіп, оқушылардың ойын ортаға салды. «Темекінің зияндылығы туралы», «Нашақорлық – зиянды әрекет» тақырыбында тәрбие сағатын өткізіп, нашақорлықтың алдын алу бойынша темекінің өте зиянды, денсаулыққа пайдасы жоқ екені айтып түсіндірілді. Желтоқсан мерекесіне «Тәуелсіздік- тұғырым» атты сынып сағаты өтілді. 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне «Замандас», «Қызғалдақ» ұйымдары бірлесіп ардагер ұстаздар мен ата-аналарды шақыра отырып, «Әлем әдемі сіздермен» тақырыбында үлкен мерекелік кеш өткізді. «Бәрі де ана, бір өзіңнен басталады», «Зиянды әдеттен аулақ болайық», «Мен оқыған бір ертегі» тақырыбында тәрбие сағатын өткізілді. Ұлыстың Ұлы күні-Наурыз мерекесіне әжелер ансамбліінде хормен халық әндері айтылды. Оқушылар арасында спорттық ұлттық ойындар болды. Қазақша қолкүрес, арқан тарту, асық ату т.б. ойындар ойнатылды. Жолда жүру ережесі бойынша жасалған жоспарға сай сынып жетекшілер оқушылардың қауіпсіздігіне «Байландар, балалар!», «Жол белгілері», «Белгілердің тілін біл» тақырыптарында сынып сағаты және «Оқушылардың көшеде және жолда өздерін ұстай білу ережелері», «Жол көлік оқиғаларының себебі» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Ұлттық мүдде құндылығы бойынша оқушылардың ҚР мемлекеттілігінің нышандары мен мемлекеттік рәміздерін білуге арналған «Мен өз Отанымның патриотымын», «Мемлекеттік рәміздер – мемлекет абыройы» тақырыптарында сурет байқауы, шығармашылық жұмыстар, 2 – 9- сыныптардан ҚР мемлекеттік рәміздері туралы сауалнама жүргізілді. «Біз Рәміздерді құрметтейміз!» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды. 1 - наурыз «Алғыс айту» күніне орай «Алғысым шексіз сіздерге» атты мерекелік шара өтті. Биылғы 2023-2024 оқу жылында жазғы тынығу лагерінің жоспары жасалып, бекітілді. Мектебімізде жазғы тынығу лагеріне 12 бала қамтылды. Соның ішінде:

Мектеп жанындағы тынығу лагеріне – 12 бала;
Кәсіподақ есебінен «Қамбаш» лагеріне – 1 бала;
Ауыл сыртындағы саяхатқа – 12 бала;
Ар-ұят құндылығы.

Мақсаты: Ата – аналарды бала тәрбиесінде олардың психологиялық–педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру, отбасылық өмірдің рухани – адамгершілік негіздерін ашу. Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым – қатынасын қалыптастыру. Патриоттық сезімі жоғары, мәдениетті, қазақстандық, азаматтық жауапкершілігі бар және өзін – өзі жетілдіруге икемді жеке тұлға тәрбиелеу.

2023 – 2024 оқу жылының басында ар-ұят құндылығы бойынша жұмыс жоспары құрылып, бекітілді.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жопарында ата – аналарының мектептегі тәрбие жұмысына қатысу құқығын жүзеге асыру және педагогтармен тиімді қарым-қатынас жүйесін қалыптастыру мақсатында мектеп ата – аналар комитетінің жоспары, сынып ата – аналар жиналысының жоспары, мектепшілік ата – аналармен жүргізілетін іс – шаралар жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді.

Жоспарға сәйкес ата – аналар жиналыстарында «Мектеп пен отбасыға байланысы» баяндама, жаңа оқу жылына сынып ата – аналар комитетінің құрамын сайлау, бекіту, «Отбасындағы бейбітшілік, зорлық – зомбылықсыз қоғам» баяндамасы, мектеп оқушыларына «смартфон» ұялы телефонын қолдануға тыйым салу, мектеп формасының сақталуы, жаңаша білім беру мазмұнына көшудің тиімділігі т.б мәселелер туралы, «Мамандық таңдаудағы ата- ананың рөлі» тақырыбында қоғамдағы белең алып отырған мәселелер талқыланды.

Оқу жылының басында алғашқы мектепшілік жалпы ата – аналар жиналысы жоспарлы өткізілді. Жиналыста 2023-2024 оқу жылындағы мектеп ата – ана комитетінің құрамы сайланды. Мектеп ата – аналар комитетінің төрайымы – Көлдеева Зербалақ сайланған болатын. Ата – аналарға ата – аналар комитетінің ережесі таныстырылды. Ата-аналар комитетінің құрамы мектепшілік «Мектепке жол» акциясының тексеру жұмысының комиссия құрамына енгізілді. Ата-аналар жиналысында «Жасөспірімдер арасындағы өз өзіне қол жұмсау жағдайларының алдын алуға» байланысты мектеп психологы А.Сермағанбетова ата- аналармен кеңес өткізді. Бейне материалдар көрсетіліп, ата- аналарға балаларының өмірін сақтап қалу туралы жадынамалар таратылды. Олардың ой пікірлері тыңдалды. Ата-аналар жиналысында «Мектеп пен отбасы – баланың ортақ тәрбиесі» тақырыбы қозғалды. 15-мамыр - Отбасы күніне орай «Жалпыұлттық ата- аналар жиналысы» өткізілді. Жиналысқа қатысушыларға бейне роликтер көрсетілді. Жалпы ата- аналар жиналысында балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру шаралары туралы хабарланды.

«Жасөспірім және құқықбұзушылық», «Сақ болайық!» тақырыбында ата – аналарға жадынамалар таратылды. 2023 – 2024 оқу жылында жоспарға сай қыркүйек айында отбасы күніне орай 15 қыркүйек күні «Отбасы- бақыт мекені» атты тақырыпта отбасылық спорттық сайыс өткізілді. Жарысқа 5-6- сынып оқушылары ата-аналарымен қатысты. Сайыс қызықты өтті.

Қазіргі қоғамда орын алып отырған жасөспірімдердің ақпараттық технологияларды жиі пайдалану мәселесі бойынша ата – аналар жиналысында «ҚР Білім туралы заңы- сапалы білім алудың негізі» туралы мектеп ережесінің тармағымен таныстыру, жаңаша оқыту мәселелері бойынша баяндама оқылды. Сынып сағаттарында оқушылармен ұялы телефон, компьютер, планшет, т.б. қолданғанда қандай сақтық шараларын қолдану, ұзақ пайдаланудың әсері туралы жұмыстар жүргізілді.

Оқу жылы бойы 1-9-сыныптарда сынып сағаттарында мамандық туралы әр түрлі тақырыптарда сынып сағаттары өткізілді. «Мамандықтың бәрі жақсы, қалауыңды таңдай біл!» тақырыбында жоғарғы оқу орындары студенттерімен кездесу оқу жылы бойы жүргізілді. Келген студенттерді тіркеу журналы жүргізілді. Оқушылардың тұлғалық ерекшеліктері, қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтау мақсатында мектеп психологы сауалнама жүргізіп отырады.

Қазан айында дәстүрлі күз өнімдерінен «Алтын күз -2023» атты байқау ұйымдастырылды. Байқауға 3-9 сыныптар аралығындағы оқушылар қатысты. Талап құндылығы.

Мақсаты: баланың жеке қасиеттерін іске асыруға мүмкіндік беру, тұлғаның жалпымәдени мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру, өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру, әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін бақылау, салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Аталған құндылықтар бойынша оқу жылының басында біртұтас тәрбие жоспары құрылды. Жоспар бойынша мектепте 3-8 сынып аралығында «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының тізімі жинақталып, «Жас Ұлан ұйымының» жылдық жұмыс жоспары құрылды. Мектебімізде «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы бойынша Жас ұландар, Жас қырандар, жас суретшілер, белсенділер, топ басшылары жұмыс жасауда. Әрбір жасұландық тапсырылған жұмыстарға белсене қатысып, жауапкершілікпен орындады.

2023-2024 оқу жылында мектеп директорының бекіткен «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жылдық жұмыс жоспары бар.

Оқу жылдар бойынша	«Жас Ұлан» саны	Ұлы	Қызы	«Жас Қыран» саны	Ұлы	Қызы
2023 - 2024	27	14	13	13	5	8

2023-2024 оқу жылында №77 орта мектебі бойынша оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында қоғамдық негізде өткізілетін үйірмелер жұмысы ұйымдастырылды.

Атап айтар болсақ, күзгі каникулда 7-8 сыныптар арасында эстафеталық ойынын өткізген футболдан жарыс, «Спорт – денсаулық кепілі» волейболдан, 7-мамыр «Қарулы күштер» күніне арналған, «Ал, кәнекей жігіттер» сайысын өткізді. 2022-2023 оқу жылындағы жетістіктерге келер болсақ, өнер және шығармашылық жетістіктер бойынша:

- Мектеп оқушылары арасында «Отбасымен бақыттымын» байқауға қатысып, «Сурет» номинациясы бойынша Алғыспен 9-сынып оқушысы К.Молдағалиев марапатталды.

2) Білім алушылардың ар-ұят, талап, ұлттық мүдде құндылықтарды дәріптеу мақсатында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі: Біртұтас тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеуді көздейді.

Біртұтас тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің мақсаттары мен міндеттерін іске асыруда біртұтас тәрбие жұмысының үш құндылығы арқылы жүзеге асты. Осы құндылықтар бойынша шығармашылық конкурстар, жарыстарға, фестивальдарға байқаулар жүргізілді.


«БЕКІТЕМІН»
№ 77 орта мектеп директоры
Ж.Казтоганова
« 31 » 08. 2023 жыл

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын»
іске асыру бойынша
Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен
2023-2024 оқу жылына арналған
КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ

2023 жыл

ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕ БАСШЫЛЫҚҚА АЛЫНАТЫН ҚҰЖАТТАР

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы;

«Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы;

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы;

«Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысы;

«Балалардың әл-ауқат индексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-р өкімі;

«Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы;

Мемлекет басшысының «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы (2020 жылғы 8 қаңтар);

Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы (2021 жылғы 5 қаңтар).

Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2022 жылғы 16 наурыз)

«Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ. 1 сәуір, 2023 жыл

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз - жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты ІІ Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;

- айтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. қсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.*

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірімшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;

Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, **#БІРТҰТАС ТӘРБИЕ ХЕШТЕГІН ТЕГТЕУ**

Ескерту: Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, өңірдегі жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды.

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар: Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;
 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;
 Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;
 Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі; Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;
 Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі; Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;
 Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;
 Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайларминистрлігі;
 Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі; Қазақстан халқы Ассамблеясы

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл
